

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

САТЫП АЛУ ЖӘНЕ САТУ РЕГЛАМЕНТИ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолданылу саласы, негізdemесі және негізгі ұғымдары

Мақсаты

1-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдық бөлімдерінде барлық бюджеттік қаражат көздері есебінен сатып алу, сату, жалға беру және жалға алу, қызмет көрсету, құрылыш салу, айырбастау, жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығын үшінші тұлғаға беру, тасымалдау шараларын және осыған ұқсас процедураларды жүзеге асыру тәртібі мен ережелерін анықтайды.

Қолданылу саласы

2-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдық бөлімдерінде барлық бюджеттік қаражат көздері есебінен сатып алу, сату, жалға беру және жалға алу, қызмет көрсету, құрылыш салу, айырбастау, жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығын үшінші тұлғаға беру, тасымалдау шараларын және осыған ұқсас процедураларды жүзеге асыру тәртібі мен ережелерін қамтиды.

(2) Жеке немесе занды тұлғалар тарапынан гылыми-зерттеу жұмыстары мен гылыми жобаларды қаржыландыру кезінде қаржыландырушы тараптан қаражатты жұмсауға қатысты өзгеше (айрықша) талаптар қойылмаған жағдайда осы регламент баптары басшылыққа алынады.

(3) Осы регламент шенберінде сату және жалға беру процедураларын жүзеге асыру үшін «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жылжитын және жылмайтын мүліктерді сату туралы ережесі (нұсқауы)» дайындалады және осы ереженің талаптары қолданылады.

Негізdemесі

3-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-бабының е) және I) тармақтары негізінде дайындалады.

Негізгі ұғымдары

4-бап. (1) Осы регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

a) аукцион – өткізілетін аукцион нысаны болып табылатын тауарды немесе қызметті алдын ала хабарланған немесе жарияланған біліктілік талаптарына және аукциондық күжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілердің арасындағы ең тәменгі бастапқы бағадан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына тәмендету жолымен ең тәменгі (тиімді) бағаны ұсынған әлеуетті өнім берушіге сату тәсілі;

b) ашық конкурс – барлық әлеуетті өнім берушілер қатыса алатын сатып алу тәсілі;

c) үміткер әлеуетті өнім беруші – біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурсыңа өтінім берген жеке немесе занды тұлғалар немесе олардың уақытша бірлестігі (консорциум);



d) конкурска қатысуға өтінім – біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурска қатысқан үміткер өнім берушінің конкурска қатысу үшін өткізетін құжаттары;

e) біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс – біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурска қатысқан үміткер әлеуетті өнім берушілердің біліктілігін алдын ала тексеру арқылы конкурска қатысуға құқылы әлеуетті өнім берушілерді анықтау тәсілі;

f) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) өзіндік ерекшелігін өзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін басшылық тартатын, өткізілетін сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және баска да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;

g) бір көзден алу – осы регламентте көзделген жағдайларда қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді басшылық шақыратын әлеуетті өнім берушімен техникалық өзіндік ерекшелігін және бағасын келісе отырып, бір көзден алу тәсілі;

h) көрсетілетін қызметтер – жөндеу, тасымалдау, байланыс, сақтандыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық, бухгалтерлік, сәулеттік және инженерлік қызмет көрсету, нарықтық зерттеу және сауалнама жүргізу, кенес беру, таныту, баспасөз және баспа, тазалық сақтау, тағам өзірлеу және тарату, жиналыс өткізу, ұйымдастырушылық, қауіпсіздік, кәсіптік білім беру, суретке түсіру, фильм түсіру, зияткерлік және көркемдік, компьютерлік жүйелерге қатысты қызметтер мен бағдарламалық қамтамасыз ету, жылжитын және жылжымайтын муліктерді жалға беру және осыған ұқсас өзге де қызметтер;

i) қызмет көрсетуші – қызметтерді сатып алу конкурсына қатысу үшін өтінім берген жеке немесе занды тұлғалар немесе занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

j) басшылық (сатып алушы ұйымдастыруши) – университеттің осы регламент шенберінде сатып алушы ұйымдастыратын құрылымдық білімі немесе комиссиясы;

k) сатып алу – осы регламентте белгіленген тәртіппен және шарттармен тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, құрылыш жұмыстарының әлеуетті өнім берушілердің арасынан іріктеліп алынатын әлеуетті өнім берушіге берілгенін және сатып алуға үәкілдегі тұлғаның бекітуімен сатып алу туралы шартқа қол қою арқылы аяқталатын процедура;

l) конкурстық (аукциондық) құжаттама – конкурска (аукционға) қатысуға өтінімге қойылатын талаптармен қоса, конкурс (аукцион) тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру шарттары мен тәртібі қамтылатын және конкурска (аукционға) қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге ұсынылатын құжаттама;

m) сатып алуға үәкілдегі тұлға – университеттің сатып алушы ұйымдастыру және қаржы жұмсау құзыреті мен жауапкершілігі жүктелген қызметкерлері;

n) әлеуетті өнім беруші – тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыш жұмыстарын сатып алуға қатысуға өтінім берген өнім беруші, қызмет көрсетуші немесе мердігер;

o) нақты жоба – белгілі бір құрылыш нысанының бекітілген бастапқы жобасы бойынша жер телімі мен топырақты тексеру жұмыстары жүргізілген, құрылыш материалдары өлшенген, құрылыш жүйесі мен құрал-жабдықтары және техникалық ерекшеліктері айқындалған жоба;



р) тауарлар – сатып алынатын әртүрлі қажетті заттар, жылжитын және жылжымайтын мүліктер мен құқықтар;

г) уақытша бірлестіктер – конкурсқа қатысу үшін екі не одан көп жеке немесе занды тұлғалардың өзара шарт жасасу жолымен құрған бірлестіктері; Түрікшеге косу керек

с) бастапқы жоба – белгілі бір құрылыс нысанының нақты қажеттіліктері бойынша қажетті жер телімі мен топырақты зерттеу жұмыстары жүргілмestен, дайын карталардан қажетті ақпаратты жинақтап, коршаған ортаға әсерді бағалау есебі мен техникалық-экономикалық негіздеме секілді маңызды құжаттардан алынған мәліметтерге сүйене отырып, әзірленген жоспарлары, сызбалары, көріністері және профильдері айқындалған бір немесе бірнеше шешімдерді қамтитын жоба;

т) екі кезеңдік ресімдер пайдаланылатын конкурс – осы регламентте көзделген жағдайларда қолдануға болатын, екі кезеңдік ресімдер пайдаланылатын және басшылықтың конкурс нысаны болып табылатын жұмыстың техникалық өзіндік ерекшеліктері мен сипаттамаларын және орындалу тәртібін және қажет болса бағасын да әлеуетті өнім берушілермен талқылау арқылы сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;

и) сатып алу туралы шарт – басшылық пен өнім беруші арасында жазбаша нысанда жасалатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыс жұмыстарын сату-сатып алу шарты;

в) конкурстық баға ұсынысы – осы регламентке сай сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің басшылыққа ұсынатын конкурстық баға ұсынысы мен тексеруге жататын өзге де құжаты және/немесе құжаттары;

у) өнім беруші – тауарларды және қызметтерді сатып алуға келісімшарт жасасқан жеке немесе занды тұлғалар немесе олардың уақытша бірлестігі (консорциум);

з) қолданыстағы жоба – белгілі бір құрылыс нысанының бекітілген нақты жобасы бойынша құрылыс нысанына қатысты егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетілген жоба;

aa) университет (тапсырыс беруші) – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казақ-турік университеті;

bb) құрылыс жұмыстары – ғимараттарды, спорт кешендерін, инфрақұрылымдық нысандарды, байланыс желілерін, энергия тасымалдау тораптарын, электр стансаларын, суару кешендерін салу және топырақты құнарландыру секілді әртүрлі құрылыш жұмыстарын және осы жұмыстарға қатысты орнату, өндіру, дайындау, тасымалдау, толықтыру, күрделі жөндеу, қалпына келтіру, абаттандыру, көгалдандау, дренаждау, бұзу, күшету және монтаждау жұмыстары мен осыған ұқсас өзге де жұмыстар;

cc) құрылыс мердігері – құрылыс жұмыстарын сатып алу конкурсына қатысуға өтінім берген жеке немесе занды тұлғалар немесе олардың уақытша бірлестігі (консорциум);

dd) отандық әлеуетті өнім беруші – Түркия және Қазақстан Республикаларының жеке тұлғалары мен занды тұлғалары;


ee) мердігер – сатып алу конкурсына қатысып, сатып алу туралы шарт жасасқан өнім беруші.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сатып алу ережелері

Негізгі қағидалар

5-бап. (1) Басшылық осы регламент шенберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде ашықтық пен айқындықты, адал бәсекелестікі, алаламаушылықты, құпиялышықты қамтамасыз ету, сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыны оңтайлы әрі ұтымды



жұмысай және сұраныстарды (қажеттіліктерді) мейлінше тиімді шарттармен уақытылы қанагатандыру қагидаттарына негізделуге тиіс.

(2) Өзара қандай да бір табиғи байланыстың бар екені анықталмайынша, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыш жұмыстарын сатып алуды бірге (бір лот аясында) жүзеге асыруға болмайды.

(3) Шектелген сомадан кем болмау мақсатында тауарлар, көрсетілетін қызметтер, құрылыш жұмыстары бөліктеге бөлінбейді.

(4) Жоспарға енгізілмеген (қаржы қарастырылмаған) жұмыстар үшін сатып алу процедурасы өткізілмейді.

(5) Тиісті заңнамаға сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау есебін (Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық бақылау мекемелерінің рұқсатын (оң қорытындысын)) талап ететін жұмыстарды сатып алуды ұйымдастыру үшін қоршаған ортаға әсерді бағалаудың оң есебі (Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық бақылау мекемелерінің рұқсаты (оң қорытындысы)) болуы шарт. Алайда табиғи апаттардың орын алуды салдарынан сатып алуды жедел ұйымдастыруға қажеттілік туындаған жағдайларда қоршаған ортаға әсерді бағалаудың оң есебі (Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық бақылау мекемелерінің рұқсаты (оң қорытындысы)) талап етілмейді.

Конкурстық комиссия

6-бап. (1) Конкурстық комиссияның құрамы тақ саннан және кемінде үш адамнан құралуға тиіс. Конкурстық комиссияның төрағасы болып университет басшыларының бірі тағайындалу керек. Ал, қалған екі мүшесі университеттің қаржы істеріне жауапты бөлімінің өкілінен және тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды сатып алуға сұраныс білдірген бөлімінің өкілінен жасақталу керек. Сондай-ақ, қызмет хатпен рәсімдеу арқылы комиссия құрамына мемлекеттік сатып алу саласындағы білікті маманды және зангерді енгізуге болады.

(2) Басшылық қарамағында мемлекеттік сатып алу саласындағы білікті маман немесе зангер болмаған жағдайда конкурстық комиссия құрамына сырттан маман тартуға болады.

(3) Конкурстық комиссияның отырысы комиссия құрамы толық қатысқан кездеғана жүргізіледі. Конкурстық комиссияның шешімі оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Шешім қабылдау кезінде қалыс қалуға болмайды. Конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелері өздерінің берген дауыстары мен қабылдаған шешімдеріне жауапты саналады. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген комиссия мүшелері өз наразылықтарын жазбаша түрде рәсімдеп, қол қою арқылы білдіруге міндettі.

(4) Конкурстық комиссияның шешімдері мен хаттамаларына комиссия төрағасы мен мүшелерінің аты-жөндері мен қызметтері толық көрсетіле отырып, қол қойылады.

Конкурстық құжаттама

7-бап. (1) Өткізілетін конкурстың нысаны болып табылатын әрбір жұмыс үшін дербес конкурстық құжаттама рәсімделеді. Бұл құжаттамада сатып алуға уәкілдітті тұлғаның қолы қойылған қызмет хат пен оның қосымшасы, бар болса сметалық құны көрсетілген шығыстар сметасы, конкурстық құжаттама, хабарландыру мәтіндері, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдері немесе баға ұсыныстары және өзге де құжаттары, сондай-ақ конкурстық комиссияның хаттамалары мен шешімдері секілді сатып алу процедурасына қатысты барлық құжаттар болады.

Шектелген сома

8-бап. (1) Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыш жұмыстарын сатып алуды жүзеге асыру тәсілі, сатып алудың жобалық құны ескеріле отырып, сатып алу тәселдерінде белгіленген сомаларға қарай айқындалады.



Жобалық құны

9-бап. (1) Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды сатып алу процедурасы жүзеге асырылмай тұрып, басшылық тарапынан нарықтағы бағаларды зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қосылған құн салығын қоспағандағы шамамен өзіндік құны айқындалады және негізdemелерімен бірге есептеу кестесінде көрсетіледі және сатып алу процедурасы толық аяқталғанға дейін құпия сақталады.

Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

10-бап. (1) Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілерден қаржылық-экономикалық қабілеттіліктері мен кәсіби-техникалық біліктіліктерін анықтау үшін төмендегідей мәліметтер мен құжаттар талап етілуі мүмкін:

а) Қаржылық және экономикалық қабілеттіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1) әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2) әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3) әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

б) Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1) әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;

2) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда:

а) соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыш жұмыстары мен толық қабылдау процедуralары аяқталған құрылыштарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

б) соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде тауарлар мен қызметтерді өткізгенін растайтын құжаттары;

3) әлеуетті өнім берушінің өндірістік қуатына, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарына және сапаны жаксарту шараларына қатысты құжаттары;

4) әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмыска тартатынын растайтын құжаттары;

5) өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыш жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6) өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7) әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

8) өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестілігін растайтын, халықаралық



ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру үйымдары тарапынан берілген сертификаттары;

9) басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері.

(2) өткізілетін сатып алушының нысаны болып табылатын жұмыстың сапасына қарай жогарыда көрсетілген ақпараттың немесе құжаттардың қайсысының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру кезінде талап етіледінің конкурстық құжаттамада және сатып алуға немесе біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурсқа қатысты хабарландырудың немесе шақыру қағаздарында көрсетіледі.

(3) (1) тармағының (b) бөлігінің (2) тармақшасында көрсетілген құжаттардың ішінде құрылыштың және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылышты бақылаудың немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер

11-бап. (1) Әлеуетті өнім беруші, егер:

а) банкрот деп танылса, таратылу рәсіміне жатқызылса, сотта ісі қаралып жатса, банкрот туралы шартты жарияласа, жұмыстарын тоқтатса немесе өз елінің заңнамасы бойынша осыған үқсас жағдайларға ұшыраса;

б) банкрот деп танылса, мәжбурлі түрде тарату туралы шешім қабылданса, берешектері үшін сотта іс ашылса немесе өз елінің заңнамасы бойынша осыған үқсас жағдайларға ұшыраса;

с) өз елінің заңнамасы бойынша әлеуметтік сақтандыру төлемдерінен қарызы болса;

д) өз елінің заңнамасы бойынша салық берешегі болса;

е) сатып алу (конкурс) өткізілетін күнге дейінгі бес жыл ішінде кәсіби қызметтіне байланысты сот шешімімен жауапқа тартылса;

ф) сатып алу (конкурс) өткізілетін күнге дейінгі бес жыл ішінде сатып алушы үйымдастырушы басшылықтың тапсырысы бойынша қандай да бір жұмысты орындаған кезде кәсіби этикаға қайшы келетін іс-әрекетті жүзеге асырғаны басшылық тарапынан анықталса;

г) сатып алу (конкурс) өткізілетін күні заңнамаға сәйкес тіркеуде тұрған құзыретті орган тарапынан кәсіби қызметтеп шеттеп түссе;

х) осы бапта көрсетілген ақпаратты және/немесе құжаттарды тапсырмаса немесе анық емес ақпарат және/немесе жалған құжат тапсырғаны анықталса;

и) 12-бапқа сай сатып алуға қатысуға байланысты шектеу қойылғанына қарамастан, сатып алуға қатысса;

ж) 18-баптағы тыйым салынған іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны анықталса, өткізілетін сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

(2) Әлеуетті өнім берушілердің осы бапта талап етілген құжаттардың қайсысын міндеттеме ретінде ұсына алатыны басшылық тарапынан айқындалады. Анық емес (жалған) ақпарат көрсетілген міндеттемені ұсынған әлеуетті өнім беруші міндеттемені растайтын құжаттарды сатып алу туралы шартқа қол қоймай тұрып, өткізбесе, сатып алуға қатысуға жіберілмейді және уақытша кепілдіктері кіріс есебіне жатқызылады.

Сатып алуға қатысуға құқығы жоқ тұлғалар

12-бап. (1) Төменде көрсетілген әлеуетті өнім берушілер тікелей немесе жанама немесе қосалқы мердігер ретінде тікелей өзі немесе басқалардың атынан сатып алуға қатысуға құқылы емес:

а) сатып алуға қатысуға уақытша немесе тұракты түрде тыйым салынған, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты жауапқа тартылған және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Занында көрсетілген



мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулерге қатысты 6-бап талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалкы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалар тізбесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізілсе, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқы жоқ болып табылады.

b) Сатып алуға қатысуға уақытша немесе тұрақты түрде тыйым салынған, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты жауапқа тартылған, Түркия Республикасының 3713 санды Терроризмге (лаңкестікке) қарсы күрес заңы аясына кірген және Университет тарапынан тыйым салынған әлеуетті өнім берушілер тізіміне кірітілген жеке және заңды тұлғалар,

c) тиісті құзыретті органдар тарапынан банкротқа ұшырағаны туралы шешім қабылданған жеке және заңды тұлғалар;

d) сатып алуды үйымдастырушы басшылықтың уәкілетті тұлғалары мен конкурстық комиссияның құрамына кіретін өкілдері;

e) сатып алуды үйымдастырушы басшылықтың сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты сатып алуға қатысты әртүрлі процедураларды дайындауға, жүзеге асыруға, қорытындылауға және бекітуге қатысқан жұмыскерлері;

f) (c) және (d) тармақтарында көрсетілген тұлғалардың жұбайы (зайыбы), ұлқыздары, жақын туыстары;

g) (c), (d) және (e) тармақтарында көрсетілген тұлғалардың уақытша бірлестіктері мен фирмалары (басқару кенесінің құрамына кірмейтін немесе капиталдағы үлесі 10%-дан аспайтын акционерлік қоғамдарды қоспағанда).

(2) Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыс бойынша консультациялық қызметтер көрсеткен мердігерлер осы жұмысты сатып алуға қатыса алмайды. Сондай-ақ, өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың мердігерлері де осы жұмыс бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға қатыса алмайды. Мұндай шектеулер осы тұлғалардың уақытша бірлестіктері мен басқару кенесінің құрамына кіретін фирмаларға және капиталындағы үлесі елу пайыздан асатын фирмаларға да қолданылады.

(3) Сатып алуды үйымдастырушы басшылыққа қарасты немесе оған қатысты қор, қоғам, одак секілді үйымдар мен осы үйымдар қатысқан фирмалар басшылықтың үйымдастырган сатып алушарына қатыса алмайды.

(4) Аталмыш шектеулерге қарамастан, сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушілер сатып алуға қатысудан шеттетіледі және сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету үшін енгізген кепілдіктері қайтарылмай, кіріс есебіне жатқызылады. Сондай-ақ, осы жағдай баға ұсныстарын қарау кезеңінде анықталмай, сатып алу процедурасы толық жүзеге асырылған болса, онда енгізген кепілдіктері қайтарылмай, кіріс есебіне жатқызылады және сатып алу процедурасының күші жойылады.

Өзіндік ерекшеліктер

13-бап. (1) Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, құрылымынан әртүрлі ерекшеліктері көрсетілетін әкімшілік және техникалық өзіндік ерекшеліктері басшылық тарапынан дайындалуға тиіс. Алайда тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, құрылымынан әрекшеліктеріне байланысты басшылық тарапынан дайындалуы мүмкін еместігі сатып алуға үәкілетті тұлға тарапынан расталған жағдайда техникалық өзіндік ерекшелікті дайындауға осы регламенттің баптарына сай өзге де жеке немесе заңды тұлғалар тартылуы мүмкін.



(2) Откізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын тауарлардың, көсретілетін қызыметтердің, құрылымы жүмыстарының техникалық өлшемдері конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі саналатын техникалық өзіндік ерекшеліктерде көрсетіледі. Айқындалатын техникалық өлшемдер өнімділік пен функционалдылықты қамтамасыз етуге бағыттала отырып, бәсекелестікке кедергі келтіретін жағдайларды қамтымайды және барлық әлеуетті өнім берушілерге тен мүмкіндіктер береді.

(3) Техникалық өзіндік ерекшеліктерге, егер бар болса, ұлттық және/немесе халықаралық техникалық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін реттеулер де жүргізіледі. Техникалық өзіндік ерекшеліктерде техникалық сипаттамалар мен анықтамаларға да орын беріледі. Бірақ, тауар белгілеріне, пайдалы модельдерге, патенттерге, фирмалық атауларына немесе тауардың шығарылған жерінің атауына, сондай-ақ қандай да бір тауар белгісіне немесе модельге тиесілігін айқындастын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді.

(4) Алайда, ұлттық және/немесе халықаралық техникалық стандарттар болмаған немесе техникалық ерекшеліктерді анықтау мүмкін болмаған жағдайда «немесе оларға тәсестірілген» деген сөзді қосу арқылы белгілі бір тауар белгісін немесе модельді көрсетуге болады.

Сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландыру мерзімі және талаптары

14-бап. (1) Басшылық барлық әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімді (конкурстық баға ұсынысын) дайындауға жеткілікті уақыт бере отырып:

а) ашық конкурс және біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін кемінде жиырма күн бүрін ел аумағында жарық көретін ең кемі бір (республикалық) газете және тиісті салалық веб-порталдарда (кемінде бір рет) немесе университеттің веб-сайтында (сатып алу процесі басталған күннен аяқталғанға дейін) орналастыруға міндетті;

б) екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін кемінде жеті күн бүрін ең кемі бір өңірлік газете және/немесе (кемінде бір рет) университеттің веб-сайтында (сатып алу процесі басталғаннан күннен бастап аяқталғанға дейін) орналастыруға міндетті.

(2) Біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру кезінде біліктілікті алдын ала тексеру нәтижесінде біліктілігі айқындалған (расталған) әлеуетті өнім берушілерге жоғарыда көрсетілген мерзімдерге сәйкес сатып алу туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннің қарсанында шакыру қағазын жіберуге міндетті.

(3) Басшылық жоғарыдағы міндетті хабарландырулардан бөлек жұмыстың маңыздылығы мен ерекшілігіне қарай сатып алу туралы хабарландыру мәтінін шетелдік яки отандық бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет сайttарда да орналастыруы мүмкін.

Уақытша бірлестіктер

15-бап. (1) Уақытша бірлестіктер екі не одан көп жеке немесе заңды тұлғалар тараپынан серіктестік немесе консорциум түрінде екі түрлі нысанда құрылуы мүмкін. Серіктестік мүшелері өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты орындауға бірлесіп (тендей) құқылы және жауапты саналса, консорциум мүшелері жұмыстың өз мамандық саласына жататын бөліктерін ғана орындауға құқылы және жауапты саналады.

(2) Серіктестіктер сатып алушың барлық түріне қатыса алады. Алайда, басшылық жұмысты орында үшін арнайы білімі бар мамандарға қажеттілік туындаған жағдайда консорциумдардың сатып алуға қатыса алатынын не қатыса алмайтынын конкурстық құжаттамада көрсетеді.



(3) Сатып алуды жүзеге асыру кезінде уақытша бірлестіктерден өзара келісім негізінде серіктестік немесе консорциум құру туралы шарт талап етіледі. Серіктестік құру туралы шартта пилот серіктес, ал консорциум құру туралы шартта координатор серіктес көрсетіледі. Серіктес немесе консорциум сатып алудың жеңімпазы деп танылған жағдайда сатып алу туралы шарт жасалмай тұрып, серіктестік немесе консорциум құру туралы шарттың нотариалды күәландырылған көшірмесін тапсыруға міндетті.

(4) Серіктестік құру туралы шартта серіктестікті құрған жеке немесе заңды тұлғалардың міндеттемелерін орындауға бірлесіп және жекелей жаупаты саналатыны, ал консорциум құру туралы шартта консорциумды құрған жеке немесе заңды тұлғалардың қайсысының жұмыстың қай бөлігін орындауға міндеттелетіні және міндеттемелерін орындау кезінде координатор серіктестің үйлестіруімен жұмыс істейтіні көрсетіледі.

Қосалқы мердігерлер

16-бап. (1) Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстарды орында бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға қажеттілік туындаған жағдайда сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілерден қосалқы мердігерлерге жүктелетін жұмыстарды көрсетуі және сатып алу туралы шарт жасалмай тұрып, қосалқы мердігерлердің тізімін басшылықтың бекітуіне ұсынуы талап етілуі мүмкін. Мұндай жағдайда мердігер қосалқы мердігерлердің орындаған жұмыстарына жаупатылықтан босатылмайды.

Сатып алуды мерзімінен бұрын тоқтату

17-бап. (1) Басшылық қажет деп санаған немесе конкурстық құжаттамадағы құжаттарда сатып алуды жүзеге асыруға кедергі келтіретін және түзетуге келмейтін акпараттың бар екені анықталған жағдайда сатып алу процесі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

(2) Мұндай жағдайда сатып алуды мерзімінен бұрын тоқтатудың себебі көрсетіле отырып, сатып алудың мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады. Осы кезенге (сатыға) дейін конкурсқа қатысуға өтінім берген (конкурстық баға ұсынысын жасаған) әлеуетті өнім берушілерге де сатып алудың мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы хабарлама жасалады. Сатып алу тоқтатылған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімдердің барлығынан бас тартылды деп есептеледі және ашылмастан, әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады. Әлеуетті өнім берушілер сатып алудың тоқтатылуына байланысты басшылықтан қандай да бір құқық талап етілмайды.

(3) Сатып алу процесі тоқтатылған жағдайда оның тоқтатылу себептері қайта қарастырыла отырып, сатып алу қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

Тыйым салынған іс-әрекеттер


18-бап. (1) Сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

a) алдау, уәде беру, қорқыту, беделін қолдану, пайда көздеу, келісу, қызмет бабын пайдалану, пара беру арқылы немесе осы секілді өзге де жолдармен сатып алуға қатысты осындай іс-әрекеттерді жасауға ұмтылуға;

b) әлеуетті өнім берушілердің күмәнін туғызуға, сатып алуға қатысуына кедергі келтіруге, әлеуетті өнім берушілерге келісу жөнінде ұсыныс жасауға немесе ынталандыруға, бәсекеге немесе сатып алу туралы шешім қабылдауға ықпал ететін іс-әрекеттерді жасауға;

c) жалған құжат немесе жалған кепілдік көрсетуге, қолдануға немесе осындай іс-әрекеттерді жасауға ұмтылуға;

d) балама (альтернатив) ұсыныс беру мүмкіндігі қарастырылған жағдайды қоспағанда сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші тарапынан өзінің



немесе басқалардың атынан тікелей немесе жанама түрде, жеке басына немесе өкіл ретінде екі не одан көп ұсыныс беруге;

е) 12-бап бойынша сатып алуға қатысуға құқығы жоқтығы айқындалғанына қарамастан, сатып алуға қатысуға тыйым салынады.

(2) тыйым салынған осындай іс-әрекеттерді жүзеге асырған тұлғаларға осы регламенттің 7 бөлімі қолданылады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Тендер және сатып алушы жүзеге асыру тәсілдері

Сатып алушы жүзеге асыру тәсілдері

19-бап. (1) Басшылық тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыш жұмыстарын сатып алушы мынадай тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырады:

- a) ашық конкурс;
- b) аукцион;
- c) біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурс;
- d) екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс;
- e) бір көзден алу;

Ашық конкурс

20-бап. (1) Ашық конкурс – барлық әлеуетті өнім берушілер қатыса алатын сатып алу тәсілі. Басшылық конкурска қатысу өтінімдерін ашып, шартты бағаларды салыстырғаннан кейін, егер әкімшілік және техникалық өзіндік ерекшеліктерде және сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген болса, ең төмен шартты бағаны ұсынған үш әлеуетті өнім беруші арасында аукцион тәсілімен сатып алушы жүзеге асыруға өтуі мүмкін.

Аукцион

21-бап. (1) Аукцион тәсілімен сатып алуға өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты өзіндік ерекшелікте көрсетілген талаптарға сай орындауға қабілетті әлеуетті өнім берушілер қатыса алады. Аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілердің ең төмен бастапқы бағасынан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету жолымен аукцион өткізіледі. Аукцион тәсілімен сатып алушы жүзеге асыру кезінде төмендегі негіздер мен қағидалар негізге алынады:

а) сатып алуға уәкілетті тұлға тарапынан өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты сатып алушы жүзеге асырудың өзге де тәсілдерінің бірімен жүргізуден басшылыққа ешқандай пайда келмейтіні анықталып, шешім қабылданған жағдайда аукцион тәсілімен сатып алу жүзеге асырылады;

б) аукционға өзіндік ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес келетін, кепілдік берген және аукциондық комиссияға қажетті құжаттарды тапсырған әлеуетті өнім берушілер қатыса алады;

с) аукциондық комиссия тарапынан кепілдігі мен құжаттары қаралғаннан кейін өзіндік ерекшелікке және тиісті заңнама талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған әлеуетті өнім берушілер аукционға қатысуға жіберілмейді және оларға кепілдіктері мен құжаттары қайтарылады, сондай-ақ, бұл процедура хаттамамен рәсімделеді;

д) аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілердің тізімі хаттамамен рәсімделіп, әлеуетті өнім берушілерге хабарланғаннан соң аукциондық комиссияның төрағасы әлеуетті өнім берушілерді өзіндік ерекшелікке қол қоюға және



ұсыныс беруге шақырады, өзіндік ерекшелікке қол коймаған әлеуетті өнім берушілер ұсыныс бере алмайды;

е) ұсыныс беруден бас тартқан және ұсыныс берген әлеуетті өнім берушілердің қалмағаны айқындалғаннан кейін аукциондық комиссия басшылықтың бескітімен ең соңғы және ең төменгі бағаны ұсынған әлеуетті өнім берушіні аукцион тәсілімен сатып алудың жеңімпазы деп жарияладап, шешім шығарады және оған қол қойылады.

Біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурс

22-бап. (1) Біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурс – біліктілікті алдын-ала қарау нәтижесінде басшылық тарапынан біліктілік талаптарына сәйкестігі анықталған әлеуетті өнім берушілер ғана қатысатын сатып алу тәсілі. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстардың ерекшілігі арнайы кәсіптік білімді және/немесе жоғары технологияны қажет етуіне байланысты ашық конкурс тәсілін жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, құрылыш жұмыстарын сатып алу осы тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін.

(2) 10-бапка сай анықталған және біліктілік құжаттары мен біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурсы тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда көрсетілген біліктілікті бағалау өлшемдері бойынша әлеуетті өнім берушілердің біліктіліктері алдын-ала қаралады. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеген әлеуетті өнім берушілер біліктілігі жеткіліксіз деп танылады.

(3) Біліктілікті алдын-ала қарау нәтижесінде біліктілігі жеткіліксіз деп танылған әлеуетті өнім берушілерге біліктілік талаптарына сәйкес еместігінің себептері жазбаша нысанда хабарланады.

Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс

23-бап. (1) Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс:

а) ашық конкурс, аукцион немесе біліктілікті алдын-ала іріктеумен жүргізілетін конкурсы тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру нәтижесінде ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда, екеуден аз өтінім ұсынылған жағдайда, бірде бір әлеуетті өнім берушінің ұсынысы қабылданбаған жағдайда және бір әлеуетті өнім беруші жіберілген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы қатысқан бір әлеуетті өнім берушіден сатып алу немесе жаңадан сатып алуды ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды.

б) табиғи апарттар, жүқпалы аурулар, кісі өлімі немесе материалдық шығынға ұшырау қаупі секілді төтенше жағдайлар мен еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан сатып алуды жедел жүзеге асыруға мәжбүрлік пайда болған;

с) қауіпсіздікті қажет ететін ерекше жағдайлардың туындауы салдарынан сатып алуды жедел жүзеге асыруға мәжбүрлік пайда болған;

д) ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға қажеттілік туындаған және сатып алудың сериялық өндіріске қатысы жоқ болған;

е) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, құрылыш жұмыстарының техникалық және өзге де сипаттамаларын айқындау қыын болған;

ф) басшылық тарапынан жалпы құны 50000 АҚШ долларына пара-пар ұлттық ақша бірлігіндегі сомадан аспайтын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды сатып алуға қажеттілік туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

(2) (б) және (с) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда хабарландыру жасау міндетті емес. Алайда, конкурсқа қатысуға кемінде үш әлеуетті өнім беруші шақырылуға тиіс.

(3) Хабарландыру жасалатын жағдайларда хабарландыру мәтінінде өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын салада қызмет ететін және басшылық тарапынан біліктілігі жеткілікті (сәйкес) деп танылған әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізілетіні көрсетіледі. Хабарландыру жасалатын және жасалмайтын

жағдайларда да басшылық тараҧынан осы регламенттің 10-бабына сай айқындалған және конкурстық құжаттамадағы бағалау өлшемдері бойынша біліктілігінің сәйкестігі анықталған әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізіледі.

(4) (a), (d) және (e) тармақшаларына сай жүзеге асырылатын сатып алударда әлеуетті өнім берушілер ең алдымен өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстық техникалық сипаттамалары мен орындалу әдістері секілді бағадан тыс ақпаратты қамтитын алғашқы ұсыныстарын ұсынады. Басшылық әрбір әлеуетті өнім берушімен қажеттіліктерді ең тиімді түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдістер мен шешімдерді талқылады. Техникалық мәселелерді талқылау нәтижесінде техникалық талаптар (шарттар) нақтыланғаннан кейін осы талаптарды қанағаттандыра алатын әлеуетті өнім берушілерден егжей-тегжейлі талқыланып, нақтыланған техникалық өзіндік ерекшелікке сүйене отырып, баға ұсыныстарын да қамтитын ең соңғы ұсыныстарын жасауы талап етіледі.

(5) (a), (b) және (c) тармақшаларына сай жүзеге асырылатын сатып алударда әлеуетті өнім берушілердің соңғы ұсыныстары бойынша баға ұсыныстары талқыланып, сатып алу процедурасы қорытындыланады.

(6) Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарлар басшылықтың келісімімен сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі ішінде тапсырылған жағдайда сатып алу туралы шарт жасасу және нақты кепілдік қоюды талап ету міндетті емес.

Бір көзден алу

24-бап. (1) Төменде көрсетілген жағдайларда жарнама жасалмай және кепілдіксіз тікелей сатып алу тәсілі қолдануы мүмкін:

а) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды қамтамасыз ететін тек бір ғана жеке немесе занды тұлғаның бар екендігі анықталған;

б) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге, жұмыстарға қатысты ерекше құқықтарға тек бір ғана жеке немесе занды тұлға ие болған;

с) қолда бар тауарлармен, құрал-жабдықтармен, технологиялармен немесе қызметтермен өзара сәйкестік пен бірыңғайлылықты (стандарттылықты) қамтамасыз ету үшін сатып алынуға тиісті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды негізгі шартқа (келісімшартқа) сүйене отырып, жасалатын және жалпы мерзімі үш жылдан аспайтын шарттар негізінде алғаш сатқан жеке немесе занды тұлғалардан сатып алуға;

д) жалпы құны 20000 АҚШ долларына пара-пар ұлттық ақша бірлігіндегі сомадан аспайтын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды сатып алуға және лауазымды тұлғаларды қабылдау шаралары шенберінде олардың қонақ үй, жол және тамақтану шығындарын қамтамасыз ету бойынша сатып алудар,

е) басшылықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жылжымайтын мүліктер сатып немесе жалға алынған;

ф) қоймада сактауға келмейтін, азық-түліктер және жедел жағдайларда тұтынылатын дәрі-дәрмек, медициналық заттар, тестілеу және анализ үшін қажетті материалдар сатып алынатын жайдайларда сатып алу туралы хабарландыру жасалмастан және кепілдік талап етілмesten, жүзеге асырылуы мүмкін.

h) Өкілетті Кеңес мәжілісі, конференция, симпозиум, конгресс, семинар, т.с.с. іс-шараларды өткізу шығындары.

(2) Осы бап бойынша сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық комиссияны құруға және әлеуетті өнім берушілердің 10-балтагы біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтауға қажеттілік туындастан, сатып алуға үекілетті тұлға тағайындастын маман



немесе мамандар тарапынан нарыктағы бағаны зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қажеттіліктөр қамтамасыз етіледі.

Дизайн (жобалау) конкурсы

25-бап. (1) Басшылық сәулеттік, пейзаж архитектурасы, инженерлік, қала құрылышы жобаларын, қалалық және өңірлік даму жоспарлары мен көркемөнер туындыларына қатысты жоспарлар мен дизайндық жобаларды жасау мақсатында тиісті заңнамаларда көрсетілген әдістер мен негіздерге сүйене отырып, бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін хабарландыру жасау арқылы әділқазылардың қатысуымен жүлделі және жүлдесіз конкурстар өткізуі мүмкін.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Сатып алу және біліктілікті алдын-ала қарау туралы хабарлама жасау, конкурстық құжаттаманы тапсыру

Сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінінде орын алуға тиісті ақпарат

26-бап. (1) Конкурстық құжаттамада көрсетілмеген ақпарат пен мәліметтер хабарландыру мәтінінде де болмайды.

Сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінінде төмендегі ақпарат пен мәліметтер көрсетілууге тиіс:

- a) басшылықтың атауы, мекен-жайы, телефон және факс нөмірлері;
- b) өткізілетін сатып алушың атауы, сипаты, түрі және көлемі;
- c) тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;
- d) өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі;
- e) сатып алу тәсілі, сатып алуға қатысу шарттары және қажетті құжаттардың тізімі;
- f) біліктілікті бағалауда қолданылатын өлшемдер (критерийлер);
- g) сатып алушың отандық тауар өндірушілерге ашықтығы немесе ашық еместігі және отандық тауар өндірушілерге баға артықшылығының берілетіні не берілмейтіні;
- h) конкурстық құжаттаманы алу орны және бағасы;
- i) сатып алушы өткізу орны, күні жән уақыты;
- j) конкурсқа қатысуға өтінімдерді тапсыру орны;
- k) баға ұсыныстары және шарт түрі;
- l) баға ұсынысының 3%-нан аспайтын сомада әлеуетті өнім берушілерден кепілдік талап етілетіні;
- m) баға ұсыныстарының күшінде болу (жарамдылық) мерзімі;
- n) сатып алуға консорциумдардың қатысуға болатыны не болмайтыны.

Біліктілікті алдын-ала қарау туралы хабарландыру мәтінінде орын алуға тиісті ақпарат

27-бап. (1) Біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасында көрсетілмеген ақпарат пен мәліметтер хабарландыру мәтінінде де болмайды.

Біліктілікті алдын-ала қарау туралы хабарландыру мәтінінде төмендегі ақпарат пен мәліметтер көрсетілууге тиіс:

- a) басшылықтың атауы, электронды поштасы, телефон және факс нөмірлері;
- b) өткізілетін сатып алушың атауы, сипаты, түрі және көлемі;
- c) тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;
- d) сатып алушың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі;



- e) біліктілікті алдын-ала қарауға катысу шарттары және қажетті құжаттардың тізімі;
- f) біліктілікті алдын-ала бағалауда қолданылатын өлшемдер (критерийлер);
- g) сатып алушын отандық тауар өндірушілерге аптықтығы немесе ашық еместігі және отандық тауар өндірушілерге бага артықшылығының берілетіні не берілмейтіні;
- h) біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасын алу орны және бағасы;
- i) біліктілікті алдын-ала қарауға өтінімді өткізу орны және ең соңғы тапсыру күні жән уақыты;
- j) сатып алуға консорциумдардың қатысуға болатыны не болмайтыны.

Хабарландырудың сәйкес еместігі

28-бап. (1) 14, 26 және 27 баптардағы талаптар мен ережелерге сәйкес келмейтін хабарландырулар жарамсыз деп танылады. Мұндай жағдайда хабарландыру осы баптарға сай қайта жаңартылмайынша сатып алу және біліктілікті алдын-ала қарау процедурапары жүзеге асырылмайды.

(2) Алайда, 14-бапта көрсетілген хабарландыруды жасауға мүмкіндік болмаған немесе уақытылы хабарландыру жасалмаған жағдайларды қоспағанда, хабарландыру мәтінінде 26 және 27 баптардың ережелеріне сәйкес келмейтін ақпарат (қателіктер) анықталған жағдайда, хабарландыру жасалған күннен бастап он күн ішінде атальыш қателіктерді тузету туралы хабарландыру жасала отырып, сатып алу және біліктілікті алдын-ала қарау процедурапары жүзеге асырылуы мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың және біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасының мазмұны және әкімшілік өзіндік ерекшелікте орын алуға тиісті ақпарат

29-бап. (1) Конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге нұсқауларды да қамтитын әкімшілік өзіндік ерекшеліктер мен орындалатын жұмыстың жобасын да қамтитын техникалық өзіндік ерекшеліктер, шарт жобасы және өзге де қажетті ақпарат пен құжаттар болады.

(2) Біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасында әлеуетті өнім берушілерге койылатын талаптарға, біліктілікті алдын-ала қарау (бағалау) өлшемдеріне және өзге де қажетті ақпарат пен құжаттарға орын беріледі.

(3) Әкімшілік өзіндік ерекшелікте сатып алушын ұсысанына қарай ең кем дегенде төмендегі ақпарат пен мәліметтер болуға тиіс:

- a) орындалатын жұмыстың атауы, сипаты, түрі, көлемі, сондай-ақ көрсетілетін қызыметтің сипаттамасы;
- b) басшылықтың атауы, электронды поштасы, телефон және факс нөмірлері;
- c) сатып алушы жүзеге асыру тәсілі, күні және сағаты, конкурсқа қатысуға өтінімдерді тапсыру орны;
- d) әлеуетті өнім берушілерге нұсқаулар;
- e) әлеуетті өнім берушілерге койылатын талаптар, құжаттар және біліктілік өлшемдері;
- f) конкурстық құжаттамада түсіндірме талап ету және беру әдістері;
- g) ұсыныстардың күшінде болу (жарымдалық) мерзімі;
- h) сатып алуға консорциумдардың қатысуға болатыны не болмайтыны, өткізілетін сатып алушын ұсысаны болып табылатын жұмысқа толығымен немесе бір бөлігіне ұсыныс беру мүмкіндігінің бар не жоқтығы, тауарларды сатып алушы жүзеге асыру кезінде балама ұсыныс жасауға болатыны не болмайтыны және балама ұсынысты бағалау шарттары;
- i) конкурстық баға ұсынысының құрамына тасымалдау, сақтандыру, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеу шығыстарының қайсысы енгізілетіні;



- j) конкурсың қатысуға өтінімдерді (баға ұсыныстарын) қабылдау, ашу және қарау кезінде орындалуға тиісті және осы регламентте көрсетілген әдістер мен негіздер;
- k) сатып алу бойынша шешім қабылдаудан бастап сатып алу туралы шартқа қол қойылғанға дейінгі кезеңдерде орындалуға тиісті және осы регламентте көрсетілген әдістер мен негіздер;
- l) сатып алушың отандық тауар өндірушілерге ашықтығы немесе ашық еместігі және отандық тауар өндірушілерге баға артықшылығының берілетіні не берілмейтіні;
- m) конкурсың қатысуға өтінімнің және сатып алу туралы шарттың түрі;
- n) уақытша және нақты кепілдік мөлшері және кепілдіктерге қатысты шарттар;
- o) сатып алушы мөрзімінен бұрын тоқтатуға басшылықтың ерікті болуы;
- p) барлық өтінімдерді кері қайтару және сатып алушы тоқтатуға басшылықтың ерікті болуы;
- r) өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мөрзімі, орны, қабылдау-өткізу шарттары және жұмысты кешіктірғен жағдайда қолданылатын жазалар;
- s) төлем жасау орны мен шарттары, аванс берілетіні не берілмейтіні, аванс беру шарттары және мөлшері, баға айырмашылығы бар болса, төлеу шарттары мен әдістері;
- t) жұмыстың орындалу мөрзімін ұзартуға негіз болатын жағдайлар және ұзарту шарттары, сатып алу туралы шартқа сай қосымша жұмыс қосылған немесе азайтылған жағдайда тараптардың орындастын екіжакты міндеттемелері;
- u) салықтар мен алымдардың және шарттан туындастын өзге де төлемдердің кім тарапынан төленетіні;
- v) құрылым жұмыстарын орындау кезінде жұмыс пен жұмыс орнын сақтандыруға және құрылышты бакылауға қатысты шарттар мен міндеттемелер;
- у) тексеру, бақылау және қабылдау процедураларына қатысты шарттар;
- z) келіспеушілерді шешу тәртібі.

Конкурстық құжаттаманы және біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасын беру

30-бап. (1) Конкурстық құжаттама және біліктілікті алдын-ала қарау құжаттамасы басшылық үшін ақысыз. Ал, біліктілікті алдын-ала қарауға немесе конкурсың қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілер бұл құжаттаманы сатып алуға міндетті.

Құжаттаманың құны (бағасы) өзіндік құнынан (баспа шығынынан) аспайды және басшылық тарапынан бәсекелестікке кедергі келтірмейтіндей мөлшерде белгіленеді.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе түсіндірме беру

31-бап. (1) Сатып алу туралы хабарландыру жасалғаннан кейін конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді. Алайда өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәжбүрлі болған жағдайда оның себептері мен қажеттіліктері анықталып, хаттама арқылы рәсімделеді. Алдыңғы хабарландырулар жарамсыз (кушін жойды) деп танылып, сатып алу туралы хабарландырудың жаңа мәтіні жарияланады.

(2) Алайда, хабарландыру жасалғаннан соң басшылық тарапынан конкурсың қатысуға өтінімдерді (баға ұсыныстарын) дайындауға немесе жұмыстарды орындауға әсер ететін материалдық немесе техникалық қателіктердің немесе кемшіліктердің орын алғаны анықталған және әлеуетті өнім берушілерге жазбаша нысанда хабарланған жағдайда конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты конкурстық құжаттамаға қосымша хаттама түзіліп, конкурстық құжаттаманы алған барлық тұлғаларға ұсыныстарды (өтінімдерді) қабылдаудың ең соңғы күніне он күн қалғанға дейін таратылады. Қосымша хаттама арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты ұсыныстарды (өтінімдерді) кайта дайындау үшін қосымша мөрзімге



кажеттілік туындаған жағдайда сатып алуды өткізу күні бір рет қана өзгертулған шарттымен ең көп дегенде жиырма күнге косымша хаттамамен кейінгі шегерілуі мүмкін. Өз ұсыныстарын (өтінімдерін) косымша хаттама түзілгенге дейін тапсырған әлеуетті өнім берушілерге ұсыныстарын қайтарып алып, кайта ұсыныс жасауга мүмкіндік беріледі.

(3) Сондай-ақ, әлеуетті өнім берушілер ұсыныс (өтінім) дайындаған кезінде конкурстық құжаттамадағы түсіндірме берілуі тиіс жағдайларға байланысты ұсыныс (өтінім) қабылдаудың ең соңғы күніне жиырма күн қалғанға дейін жазбаша нысанда түсіндірме талап етуі мүмкін. Басшылық осы талапты он қабылдаған жағдайда аталмыш түсіндірмені осы күнге дейін конкурстық құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге ұсыныс (өтінім) қабылдаудың ең соңғы күніне он күн қалғанға дейін түсіндірме беруді талап еткен әлеуетті өнім берушінің көрсетпей, жазбаша нысанда хабарлайды.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Баға ұсыныстары мен конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну

Баға ұсыныстары мен конкурсқа қатысуға өтінімдерді дайындау және ұсыну

32-бап. (1) Ұсыныс хат мен уақытша кепілдікті де қоса алғанда конкурсқа қатысу шарттары ретінде талап етілген барлық құжаттар конвертке салынады. Конверттің бетіне әлеуетті өнім берушінің ата-жөні немесе сауда белгісі, хабарласу мекен-жайы, ұсыныстың қай жұмысқа тиесілі екені және сатып алуды ұйымдастыруши басшылықтың мекен-жайы жазылады. Конверттің жапыстырылған жеріне әлеуетті өнім беруші қол қойып, мөр басады.

(2) Ұсыныс хаттары жазбаша нысанда мөрленген күйде тапсырылады. Ұсыныс хатта конкурстық құжаттаманың толық оқылып, қабылданғаны, ұсыныс бағаның цифrlары мен жазуы бір-біріне сәйкес екені, өшіру немесе түзету секілді шимайлардың орын алмағаны, ұсыныс хат иесінің аты-жөні немесе сауда белгісі жазылуға және құзыретті тұлғалар тарарапынан қол қойылуға тиіс. Тауарларды сатып алу кезінде конкурстық құжаттамада балама ұсыныс жасауға болатыны туралы ереже болған жағдайда балама ұсыныстар да дәл осы ретпен дайындалып, ұсынылады.

(3) Баға ұсыныстары конкурстық құжаттамада көрсетілген сатып алуды өткізу уақытына дейін басшылыққа тапсырылады. Осы уақыттан кешіктірілген ұсыныстар қабылданбайды және ашылмай, қайтарылады. Ұсыныстар пошта арқылы да жіберілуі мүмкін. Пошта арқылы жіберілген ұсыныстар конкурстық құжаттамада көрсетілген сатып алуды өткізу уақытына дейін басшылыққа жеткізілу керек. Поштадағы кешігу салдарынан қарауға алынбаған ұсыныстардың қабылдан алынған уақыты хаттамамен рәсімделеді.

(4) Ұсыныстар қосымша хаттама дайындау жағдайын қоспағанда қандай да бір себепке байланысты кері алынбайды және ауыстырылмайды.

Отінім құжаттарын ұсыну

33-бап. (1) Біліктілікті алдын-ала карауға қатысу шарты ретінде талап етілетін барлық құжаттар 32-батың (1) және (3) тармақтарында көрсетілген әдістер мен негіздерге сай басшылыққа ұсынылады.

Ұсыныстардың күшінде болу (жарамдылық) мерзімі

34-бап. (1) Ұсыныстардың күшінде болу (жарамдылық) мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетіледі. Басшылық қажет деп тапқан жағдайда осы мерзімді ұсыныс пен шарт талаптарын өзгертуе және әлеуетті өнім берушінің келісімін алу шартымен конкурстық құжаттамада көрсетілген ұсыныстардың күшінде болу мерзіміне ұзартуы мүмкін.



Уақытша кепілдік

35-бап. (1) Сатып алуларда ұсынылған құнның (соманың) 5%-нен аз болмау шартымен әлеуетті өнім беруші тарапынан берілетін сомада уақытша кепілдік алынады.

Кепілдік ретінде қабылданатын құндылықтар

36-бап. (1) Кепілдік ретінде қабылданатын құжаттар төменде көрсетілген:

а) айналымдағы ұлттық ақша;

б) банктер мен катысушы банктер тарапынан берілетін банктік кепілдік;

с) мемлекет тарапынан шығарылған мемлекеттік ішкі карыз акциялары және осы акциялардың орнына дайындалған құжаттар;

д) басшылықтың шет мемлекеттерден сатып алатын тауарлары, қызметтері, құрылымы жұмыстары үшін шетел ақшасы (АҚШ доллары).

(2) Сатып алу жүзеге асырылатын ел бойынша Қазақстанда немесе Түркияда да банктік қызмет көрсетуіне рұқсат берілген шетелдік банктердің дайындастын кепілдік хаттары мен тиісті елдерден тыс аумактарда банктік қызмет көрсететін банктер мен оларға ұксас несие мекемелерінің қарсы (контр) кепілдігі бойынша Қазақстанда және Түркияда банктік қызмет көрсететін банктер дайындаған кепілдік хаттары да кепілдік ретінде қабылданады.

(3) Кепілдік хаттарынан тыс кепілдіктерді конкурстық комиссия қабылдай алмайды. Олар бухгалтерияға немесе бухгалтерлік басқармаларға тапсырылу керек. Ақшалай кепілдіктер банктегі шотқа салынуы мүмкін.

(4) Сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім беруші мен ең тиімді екінші ұсынысты ұсынған әлеуетті өнім берушіге тиесілі кепілдік хаттары бухгалтерияға немесе бухгалтерлік басқармаларға тапсырылады. Қалған әлеуетті өнім берушілердің кепілдік хаттары өздеріне қайтарылады. Сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда ең тиімді екінші ұсынысты ұсынған әлеуетті өнім берушінің кепілдік хаты шартқа қол қойылғаннан соң бірден қайтарылады.

(5) Кепілдіктерді кепілдік ретінде қабылданған басқа құндылықтармен алмастыруға болады.

Кепілдік хаттары

37-бап. (1) 34-бапқа сай белгіленген ұсыныстардың күшінде болу (жарамдылық) мерзімінен кемінде отыз құн артық болу шартымен уақытша кепілдік хаттарының мерзімі анықталады. Ұсыныстардың күшінде болу (жарамдылық) мерзімі ұзартылған жағдайда уақытша кепілдік хаттарының мерзімі де нақ осы мерзімге ұзартылады. Нақты (тұракты) кепілдік хаттарының мерзімі өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың аяқталу мерзімі ескеріле отырып, басшылық тарапынан айқындалады.

(2) Тиісті заңнамаларға сай дайындалмаған кепілдік хаттары қабылданбайды.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ Ұсыныстарды (өтінімдерді) ұсыну және ашу

Ұсыныстарды ұсыну және ашу

38-бап. (1) Ұсыныстар конкурстық құжаттамада көрсетілген сатып алуды өткізу уақытына дейін басшылыққа ұсынлады. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген уақытта (сағатта) қанша ұсыныстың келіп түскенін анықтап, хаттамамен рәсімдеп, конкурска қатысушыларға хабарлайды және конкурсты бастайды. Конкурстық комиссия ұсыныс хаттарды қабылдану ретіне қарай конкурска

қатысушылардың алдында ашады. 32-баптын (1) тармагындағы талаптарға сәйкес келмеген хаттар карауга алынбайды және хаттамамен рәсімделеді.

(2) Әлеуетті өнім берушілерге тиесілі құжаттардың толық не кем екені және ұсыныс хаттар мен уақытша кепілдіктердің талаптарға сәйкестігі тексеріледі. Құжаттары толық емес немесе ұсыныс хаттары мен уақытша кепілдіктері талаптарға сай емес әлеуетті өнім берушілер анықталған жағдайда хаттама рәсімделеді. Әлеуетті өнім берушілердің аты-жөні мен баға ұсыныстары оқылады. Осы процедураларға қатысты рәсімделген хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды. Осы кезеңде (сатыда) ұсынысты қабылдау немесе кері кайтару туралы шешім қабылданбайды, сондай-ақ ұсыныстағы құжаттарға ешқандай түзету және толықтыру енгізілмейді. Ұсыныстар конкурстық комиссия тараپынан ашылып, тексерілгеннен кейін жиналыс жабық түрде өткізіледі.

Ұсыныстарды қарау (бағалау)

39-бап. (1) Конкурстық комиссияның сұранысы бойынша басшылық ұсыныстарды тексеру, салыстыру және қарау (бағалау) кезінде пайдалану үшін әлеуетті өнім берушілерден айқын емес ақпарат пен мәліметтері туралы жазбаша түсіндірме берулерін талап етуі мүмкін. Алайда, мұндай түсіндірмелер ешқашан баға ұсынысына өзгеріс енгізу немесе конкурстық құжаттама талаптарына сай ұсыныстарды сәйкестендіру мақсатында талап етілмейді және жасалмайды.

(2) Ұсыныстарды қарау кезінде, ең алдымен 38-бапқа сай алғашқы жиналыста құжаттарының толық еместігі немесе ұсыныс хаттары мен уақытша кепілдіктерінің талаптарға сай рәсімделмеген анықталған әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарын қарамау туралы шешім қабылданады. Алайда, құжаттарда ұсыныстың негізін өзгертуге себеп болмайтындағы болмашы қателіктің кеткені немесе маңызды емес құжаттың кем екені анықталған жағдайда осы ұсыныстың иесі саналатын әлеуетті өнім берушіге кем құжатты немесе қателікті түзетуге жазбаша нысанда рұқсат беріледі. Белгіленген уақыт ішінде кем құжатты толықтыра немесе қателікті түзете алмаған әлеуетті өнім берушілер конкурстан шеттетіледі. Алғашқы тексеру және қарау нәтижесінде құжаттарының толық екендігі және ұсыныс хаттары мен уақытша кепілдіктерінің талаптарға сай рәсімделген анықталған әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстары егжай-тегжайлі қарала бастайды. Осы кезеңде (сатыда) әлеуетті өнім берушілердің өткізілетін сатып алушың нысаны болып табылатын жұмысты орындау қабілеті мен мүмкіндіктерін айқындастырын біліктілік өлшемдеріне және ұсыныстардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Сәйкес еместігі анықталған әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстары қараудан шығарылады.

(3) Ең соңғы кезеңде әлеуетті өнім берушілердің ұсыныс хаттарының қосымшаларындағы кестелерде арифметикалық қателіктердің бар не жоқтығы тексеріледі. Баға ұсыныстары көрсетілген ұсыныс хаттарының қосымшаларындағы кестелерде арифметикалық қателік табылған жағдайда әлеуетті өнім берушілердің ұсынған бөлшек бағалары ескеріле отырып, арифметикалық қателіктер конкурстық комиссия тараپынан түзетілуі мүмкін. Қателігі түзетілген ұсыныс әлеуетті өнім берушінің бастапқы ұсыныс деп қабылданып, бұл жайында әлеуетті өнім беруші жазбаша нысанда хабарланады. Әлеуетті өнім беруші түзету енгізілген ұсынысты қабылдайтынын не қабылдамайтынын хабарламаны алған күннен бастап бес күн ішінде хабарлауға тиіс. Әлеуетті өнім беруші түзету енгізілген ұсынысты қабылмайтынын уақытылы хабарлаған немесе осы мерзім ішінде ешқандай жауап келмеген жағдайда ұсыныс қараудан шығарылады және уақытша кепілдік кіріс есебіне жатқызылады.

Өте төмен (демпингтік) баға ұсыныстары

40-бап. (1) Конкурстық комиссия баға ұсыныстарын 39-бапқа сай тексеріп, қарағаннан кейін басқа бағалармен немесе басшылық белгілеген өзіндік күнмен



салыстырғанда өте төмен көрінген бағаларды анықтайды. Осындағы баға ұсыныстарын кері кайтармай тұрып, ұсыныс иелерінен ұсыныстағы маңызды деп есептеген элементтер туралы жазбаша нысанда егжей-тегжейлі мәлімет беруді талап етеді.

(2) Конкурстық комиссия демпингтік баға ұсынған әлеуettі өнім берушінің;

а) өндіріс процесінің, қызмет көрсету және құрылымы жүргізу әдісінің аз шығынды екенін;

б) техникалық шешімдер қабылдау және тауарларды сатып алу, қызметтерді көрсету, құрылымы орындау кезінде артықшылықты шарттарды қолданатынын;

с) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, құрылымы жұмыстарының ерекше (өзгеше) екенін растайтын құжаттарын ұсыну арқылы берген жазбаша түсіндірмесін ескере отырып, демпингтік баға ұсыныстарын қайта қарайды. Түсіндірмесі жеткіліксіз деп танылған немесе жазбаша нысанда түсіндірме бермеген әлеуettі өнім берушілердің ұсыныстары кері кайтарылады.

Барлық ұсыныстарды кері қайтару және сатып алуды тоқтату

41-бап. (1) Конкурстық комиссияның шешімі бойынша басшылық барлық ұсыныстарды кері қайтарып, сатып алуды тоқтатуға құқылы. Сатып алу тоқтатылған жағдайда бұл туралы барлық әлеуettі өнім берушілерге дереу хабарлама жасалады. Басшылық барлық ұсыныстарды кері қайтарғаны үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмайды. Алайда, басшылық әлеуettі өнім берушілердің сұранысы бойынша сатып алуды тоқтатудың себеп-салдарларын хабарлауға міндетті.

Сатып алудың қорытындысы туралы шешім қабылдау және бекіту

42-бап. (1) 39 және 40 баптарға сай ұсыныстарды карау нәтижесінде ең тиімді ұсынысты берген әлеуettі өнім беруші сатып алудың жеңімпазы деп танылады.

(2) Ең тиімді ұсынысты ең төменгі баға негізінде анықтау мүмкін болмаған жағдайларда өндіріс шығыны, тиімділік, өзіндік құн, сапа және техникалық құндылық секілді бағадан тыс элементтер негізге алына отырып, ең тиімді ұсыныс айқындалады. Мұндай жағдайда конкурстық құжаттамада осы элементтердің ақшалай мәндері көрсетілуге тиіс. Ақшалай мәндерін көрсету мүмкін болмаған элементтер үшін конкурстық құжаттамада салыстырмалы өлшемдері белгіленеді.

(3) Ең тиімді ұсыныс ең төменгі баға негізінде анықталатын сатып алуларда екі не одан көп әлеуettі өнім берушінің бағалары тең болған жағдайда (2) тармакта көрсетілген бағадан тыс элементтер негізге алына отырып, ең тиімді ұсыныс айқындалады.

(4) Конкурстық комиссия сатып алу қорытындысы туралы шешім қабылдан, сатып алуға уәкілетті тұлғаның бекітуіне ұсынады. Шешімде әлеуettі өнім берушілердің аты-жөндері немесе сауда белгілері, баға ұсыныстары (шартты бағалары), сатып алуды өткізу қуні мен уақыты және әлеуettі өнім берушінің қандай шарттармен жеңімпаз деп танылғаны, бар болса сатып алуды тоқтату немесе өткізілмеді деп тану себептері көрсетіледі.

(5) Сатып алуға уәкілетті тұлға шешім қабылданған күннен бастап жиырма бес жұмыс куні ішінде шешімді бекітеді немесе негізdemесін көрсете отырып, кері қайтарады.

(6) Сатып алу шешім бекітілген жағдайда жарамды, ал бекітілмеген жағдайда жарамсыз деп танылады.

(7) Сатып алу қорытындысы туралы шешім сатып алуға уәкілетті тұлға тарарапынан бекітілмей тұрып, басшылық жеңімпаз деп танылған әлеуettі өнім берушінің заңдық қудалауда тұрғанын не тұрмаганын анықтап, осыған қатысты құжатты шешімге қоса тіркеуге тиіс.

Сатып алу қорытындысы туралы нақты шешімді хабарлау



43-бап. (1) Сатып алу қорытындысы туралы шешім сатып алуға уәкілетті тұлға тарапынан бекітілген күннен бастап үш күн ішінде сатып алудың жеңімпазын қоса алғанда конкурска қатысуға өтінім берген барлық әлеуettі өнім берушілерге хабарланады немесе пошта арқылы жіберіледі. Сатып алу қорытындысы пошта арқылы жіберілген жағдайда хат поштадан жіберілген күннен кейінгі жетінші күн әлеуettі өнім берушілерге шешім хабарланған күн деп есептеледі.

(2) Конкурска қатысуға өтінім берген әлеуettі өнім берушілердің арасында ұсыныстары (өтінімдері) қабылданбаған немесе сәйкес еместігі анықталған әлеуettі өнім берушілер хабарлама жасалған күннен бастап бес күн ішінде ұсыныстарының қабылданбау себептері мен негізdemелерін жазбаша нысанда талап еткен жағдайда басшылық олардың талабын қанағаттандыруға міндettі.

(3) Сатып алу қорытындысы туралы шешім сатып алуға уәкілетті тұлға тарапынан бекітілмей, кері қайтарылған жағдайда да әлеуettі өнім берушілерге жогарыдағы тәртіппен хабарлама жасалады.

Сатып алу туралы шарт жасасуға шақыру

44-бап. (1) 43-баптың (2) тармағында көрсетілген мерзім аяқталған немесе тиісті министрліктің рұқсатын алуға қажеттілік туындаған жағдайда осы рұқсат алынған күннен бастап үш күн ішінде сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуettі өнім берушіге хабарлама жасалған күннен бастап он күн ішінде нақты кепілдік ұсыну шартымен сатып алу туралы шартқа қол қою керектігі хабарланады немесе пошта арқылы жіберіледі. Пошта арқылы хабарлама жасалған жағдайда хат поштадан жіберілген күннен кейінгі жетінші күн әлеуettі өнім берушіге шешім хабарланған күн деп есептеледі. Шетелдік әлеуettі өнім берушілерге қосымша он екі күн беріледі.

(2) 45-бап ежелеріне сай сатып алу туралы шарт жасалмай тұрып, нақты кепілдік алынбайтын консультациялық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алудың жеңімпазы нақты кепілдік талап етілмesten, (1) тармақ ережелеріне сай шарт жасасуға шақырылады.

Нақты кепілдік

45-бап. (1) Міндettемелердің сатып алу туралы шарт пен конкурстық құжаттама талаптарына сай орындалуын қамтамасыз ету үшін шарт жасалмай тұрып, сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуettі өнім берушіден конкурс құнының 5% мөлшерінде нақты кепілдік алынады.

(2) Алайда, консультациялық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада көрсетілу шартымен нақты кепілдік сатып алу туралы шарт жасалмай тұрып, алынбауы мүмкін. Мұндай жағдайда әрбір көрсетілген қызмет болігі үшін жасалатын кезеңдік төлемнен 5% мөлшерінде ұсталатын қаражат кепілдік ретінде қабылданады.

(3) Сондай-ақ, басшылық құрылys жұмыстарын сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада көрсетілу шартымен нақты кепілдік құнынан бөлек әрбір орындалған жұмыс болігі үшін жасалатын кезеңдік төлемнен 5% мөлшерінде қосымша нақты кепілдік алыу мүмкін. Қосымша нақты кепілдік уақытша қабылдау-өткізу процедурасы, ал нақты кепілдік толық қабылдау-өткізу процедурасы аяқталғаннан (Қазақстанда мемлекеттік қабылдаудан өткеннен) кейін мердігерге қайтарылады.

Сатып алу туралы шарт жасасу кезіндегі әлеуettі өнім берушінің міндettteri мен жауапкершіліктері

46-бап. (1) Сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуettі өнім беруші 44 және 45 баптарға сай нақты кепілдікті беріп, шартқа қол қоюға міндettі. Шартқа қойылғаннан кейін уақытша кепілдік бірден қайтарылады.



(2) Осы міндеттемелерді орындаған жағдайда сатып алушың женімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушінің уақытша кепілдігі кіріс есебіне жатқызылады. Мұндай жағдайда басшылық сатып алуға үекілетті тұлға тарапынан ең тиімді екінші ұсыныс макұлданған жағдайда ең тиімді екінші ұсыныстың иесі саналатын әлеуетті өнім берушімен де осы регламентте көрсетілген әдістер мен негіздерге сай шарт жасасуы мүмкін. Алайда ең тиімді екінші ұсыныстың иесі саналатын әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу үшін 44-баптағы он күндік мерзім аяқталған күннен бастап үш күн ішінде ең тиімді екінші ұсынысты берген әлеуетті өнім берушіге 44-бапта көрсетілген тәртіппен хабарлама жасалады.

(3) Ең тиімді екінші ұсыныстың иесі де сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда оның да уақытша кепілдігі кіріс есебіне жатқызылады.

Сатып алу туралы шарт жасасу кезіндегі басшылықтың міндеттері мен жауапкершіліктері

47-бап. (1) Басшылық 44 және 46 баптарда көрсетілген сатып алу туралы шарт жасасу кезіндегі міндеттемелерін орындауға міндетті. Басшылық өз міндеттемелерін орындаған жағдайда әлеуетті өнім беруші мерзімі аяқталған күннен бастап бес күн ішінде он күндік мерзімге жасалған және нотариалды куәландырылған хабарландыру арқылы хабарлау шартымен өз міндеттемелерінен бас тартуға құқылы.

Мұндай жағдайда уақытша кепілдік кері қайтарылады және әлеуетті өнім беруші кепілдік беру үшін кеткен шығындарын да құжатпен растай отырып, өндіріп алуға құқылы болып табылады. Аталмыш шығындарды оларға себепші болған тұлғалар төлейді және оларға 50-баптың ережелері қолданылады.

Сатып алу туралы шарт жасасу және бекіту

48-бап. (1) Сатып алу шарт жасасу арқылы аяқталады. Шарттың мәтіні басшылық тарапынан дайындалады. Оған сатып алуға үекілетті тұлға мен мердігер қол қояды. Конкурстық құжаттамада көрсетілген болса, нотариуспен расталады. Мердігердің уақытша бірлестік екені анықталған жағдайда шартқа уақытша бірлестіктің барлық серіктестері қол қояды.

(2) Конкурстық құжаттама талаптарына қайшы келетін шартты дайындауға жол берілмейді.

ЖЕТИНШІ БӨЛІМ Қылмыстық жауапкершіліктер

Әлеуетті өнім берушілердің қылмыстық жауапкершілігі

49-бап. (1) Міндеттемелерін толық орындаپ, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды өткізгеннен кейін болса да, 18-бапта көрсетілген іс-әрекеттердің кемінде біреуін жасағаны анықталған жеке немесе занды тұлғалар мен олардың сыйбайласы немесе үекілі болған өзге де жеке немесе занды тұлғаларды тиісті заннама ережелеріне сай қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін құзыретті органдарға қылмыс жасағаны туралы хабарлама жасалады.

Қызметкерлердің қылмыстық жауапкершілігі

50-бап. (1) Сатып алуға үекілетті тұлға мен конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелерін қоса алғанда сатып алу процедурасының барлық сатысында қызмет атқарған өзге де қызметкерлердің 18-бапта көрсетілген іс-әрекеттердің кемінде біреуін жасағаны, занға сай бейтарап қызмет атқармағаны, тараптардың бірінің мүддесіне нұқсан келтіргені анықталған жағдайда оларға тиісті заннамаларға сай тәртіптік шаралар қолданылады. Сондай-ақ, жасаған іс-әрекеттің ерекшелігі мен ауырлығына қарай қылмыстық жауапкершілікке де тартылады және шығын мөлшерін төлеуге міндеттенеді. Осы регламент ережелеріне қайшы келетін іс-әрекеттерді жасағаны үшін



қандай да бір жауапкершілікке тартылған басшылық қызметкерлері осы регламенттің аясына кіретін өзге де қызметтерді атқаруға тартылмайды.

(2) 5-бапта көрсетілген қағидалар орындалмаса да, сатып алуға қатысуға рұксат берген және сатып алуды жүзеге асырған тұлғаларға да жоғарыдағы шаралар қолданылады.

Ақпарат пен құжаттардың құпиялышының сақтау

51-бап. (1) Осы регламенттің ережелерін орындау кезінде қызметкерлер мен консультациялық қызмет көрсетушілерге сатып алудың барлық сатысындағы процедураларға, әлеуетті өнім берушілердің қызмет саласы мен кәсібіне, конкурсқа қатысу өтінімдерінің техникалық және қаржылық ерекшіліктеріне қатысты барлық құпия ақпарат пен құжаттарды, жұмыстың жобалық құнын жария етуге, жеке басының немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалануға тыйым салынады. Кері жағдайда, оларға жоғарыдағы баптарда көрсетілген шаралар қолданылып, жауапқа тартылады.

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ Өзге де корытынды ережелер

Мерзімдерді есептеу және өзге де мәселелер

Осы регламентте көзделмеген жағдайларда Мемлекеттік сатып алу комиссиясы негіздемесін (дәйектемесін) көрсете отырып, ұсынатын сатып алу тәсілі қаржылық құжаттарға қол қоюға құзыретті басшылар тарапынан макұлданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

53-бап. (1) Осы регламенттің мәтініне өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы регламентке бап қосу немесе осы регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізу түрінде жүзеге асырылады.

Күшін жойған регламент

54-бап. (1) Осы регламент күшіне енгеннен кейін өткен Өкілетті Кеңестің 02.06.2012 ж. 42-мәжілісінде (шешімдердің 17-бабы 2-тармағы 11-тармақшасына сай) қабылданған "Тендер және мемлекеттік сатып алу туралы регламент" күшін жояды.

Күшіне ену

55-бап. (1) Осы регламент қабылданғаннан күннен бастап күшіне енеді.

Жүзеге асыру

56-бап. (1) Осы регламенттің ережелері Өкілетті Кеңес төрагасы тарапынан жүзеге асырылады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні 24 /11/ 2017	Мәжіліс №:55	Шешім №:17

